

Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 1103 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 939 қаулысына сәйкес «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) берілген жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырлары мен олардың құрылыстарын «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына айырбастауға «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының акциялар пакетінің 5,6 %-ын иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға
р ұ қ с а т б е р і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	